

**Қарағанды облысы білім басқармасы  
Шахтинск қаласы білім бөлімінің  
«Гүлдер» бебекжайы КМҚК**

**«Жемқорлықпен күрес —  
баршаның парызы»**

**Педагогтерге арналған кеңес**

**Откізген: тәрбиеші М.Ахбай**

**Шахтинск қаласы**

## **«Жемқорлықпен күрес — баршаның парызы»**

Жемқорлық — қоғамның дамуына үлкен кедергі келтіретін, оның барлық салаларында теріс әсер ететін құбылыс. Бұл әлемнің көп елдерінде кездесетін мәселе болса да, Қазақстанда да жемқорлықпен күрес ерекше маңызға ие. Әсірсебе, қазіргі уақытта біздің елімізде бұл мәселеге қарсы жүйелі түрде шаралар қабылдануда. Алайда, жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдар мен құқық қорғау құрылымдарының ғана міндепті емес, ол – барша азаматтардың ортақ парызы.

### **Жемқорлықтың қоғамға зияны**

Жемқорлықтың қоғамға тигізетін зардабы өте көп. Біріншіден, ол экономикалық даму деңгейіне теріс әсер етеді, себебі пара алу мен беру жүйесі экономикадағы әділетсіздікке алып келеді. Көсіпкерлердің заңсыз әрекеттері, парақорлық жағдайында жүріп жатқан мемлекеттік тендерлер мен келісімдер экономиканы тұрақсыздандырады. Екіншіден, жемқорлық әлеуметтік әділетсіздікке жол береді, адамдардың құқығы мен мұдделері бұзылады. Бұл жағдай халықтың сенімін жоғалтуға, халық пен билік арасындағы алшақтықты арттыруға себеп болады. Үшіншіден, бұл жүйе қоғамның моральдық құндылықтарына кері әсер етіп, адамдардың адалдық пен әділдікке деген сенімін азайтады.

### **Жемқорлықпен күресудің маңызы**

Қазақстан Республикасында жемқорлықпен күресу басты басымдықтардың бірі болып табылады. Қазақстанның Тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың дәуірінде жемқорлықпен күрес саясаты ұлттық қауіпсіздікке жататын мәселе ретінде қаралды. Бүгінгі күні осы бағытта көптеген құқықтық реформалар жүргізіліп, жемқорлықпен күрес агенттіктері құрылды. Атап айтқанда, «Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стратегиясы» сияқты бағдарламалар жемқорлыққа қарсы күрестің ауқымын көнектіде.

Алайда, мемлекеттік органдардың әрекеттері бір өзі жеткіліксіз. Жемқорлықпен күресудің тиімділігі қоғамның барлық деңгейінде жүзеге асырылатын жүйелі іс-қимылдарға тәуелді. Эрбір азамат жемқорлыққа қарсы тұруға, заң мен әділеттілікке құрмет көрсетуге, қоғамның жауапкершілігін арттыруға үлес қосуы тиіс.

### **Барша азаматтардың рөлі**

Жемқорлықпен күресу үшін ең алдымен халықтың санасын өзгерту қажет. Қоғамда жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасуы тиіс. Егер әрбір азамат паракорлықтың зияндығын түсініп, оны өз өмірінде ұстанатын болса, бұл қоғамдық құбылысқа қарсы тұру әлдеқайда тиімді болады.

Бұған қосымша, жемқорлықпен күресте цифрландыру мен ашықтық маңызды рөл атқарады. Электронды үкімет жүйесінің енгізілуі, мемлекеттік қызметтердің автоматтандырылуы мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етіп, сыйбайлас жемқорлықтың пайда болуына жол бермейді.

### **Корытынды**

Жемқорлықпен күрес — тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың да парызы. Қоғамдық санада парақорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, мемлекеттік қызметте әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ету маңызды қадамдар болып табылады. Ал, жемқорлықтың түпкілікті жойылуы үшін мемлекет пен қоғамның бірлескен күш-жігері қажет. Тек сол кезде ғана біз сыйбайлас жемқорлықты жеңіп, әділетті әрі өркениетті қоғам құра аламыз.